



## КУРС НА РЕАЛЬНЫЙ СЕКТОР ЭКОНОМИКИ

КазНУ им. аль-Фараби и акимат Южно-Казахстанской области подписали меморандум о сотрудничестве. Соглашение скрепили подписями ректор университета академик Галым Мутанов и аким области Жансеит Түймебаев. Совместная деятельность направлена на реализацию приоритетов, обозначенных в Послании Президента Н.Назарбаева «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» и продвижение страны в число 30-ти передовых государств мира.



По инициативе ректора КазНУ в г.Шымкенте и при поддержке акимата области состоялась встреча ученых университета с представителями промышленных предприятий ЮКО. Интеграция образования, науки и бизнеса, внедрение разработок отечественных ученых в реальный сектор экономики, перевод производства на инновационный путь стали предметом активного обсуждения и обмена мнениями.

В рамках встречи при содействии областного акимата была организована выставка опытно-конструкторских и инновационных проектов ученых КазНУ, где были представлены более двадцать перспективных разработок, готовых для внедрения в реальный сектор экономики Южно-Казахстанского региона.

В ходе визита под председательством акима ЮКО Жансеита Түймебаева прошел круглый стол «Наука-образование-производство». В нем приняли участие руководители промышленных предприятий области, представители малого и среднего бизнеса, авторы инновационных идей, представители научно-исследовательских институтов.

Аким отметил огромный научно-образовательный потенциал КазНУ, призвал представителей промышленных предприятий и бизнес-структур активно работать с университетом. Руководитель области подчеркнул, что научные разработки ученых КазНУ востребованы и уже внедряются на предприятиях Южного Казахстана.

По мнению акима сотрудничество с КазНУ должно развиваться не только в промышленной сфере, но и по направлениям ИТ-технологий и гуманитарных наук. Поддерживая идеи Главы государства, озвученные в программной статье «Курс на будущее: духовное возрождение», Жансеит Түймебаев акцентировал внимание на сотрудничестве с ведущим вузом страны в изучении исторических памятников и мест Южного Казахстана, где расположено более 80% археологических объектов страны.

Ж.Түймебаев дал ряд поручений руководителям структурных подразделений акимата области, направленных на дальнейшее развитие сотрудничества с КазНУ и внедрение инновационных разработок, технологий и новых материалов на промышленных предприятиях региона.

На встрече выступили партнеры КазНУ из числа предприятий области. В частности, химико-фармацевтический завод выразил готовность к производству инфузионного раствора на основе субстанции «Лимонидин», обладающего значительной антивирусной активностью по сравнению с существующими аналогами. Следует отметить, что АО «Химфарм» имеет положительный опыт сотрудничества с КазНУ. Предприятие выпускало отечественную мазь «Лимонидин», полученную учеными университета и в настоящее время являющуюся перспективной для производства. Она зарегистрирована в Министерстве здравоохранения РК и введена в Государственный реестр лекарственных средств, разрешенных для применения на территории Казахстана.

КазНУ им. аль-Фараби имеет хороший опыт по совместной деятельности с предприятиями Южно-Казахстанского региона. К примеру, с птицефабрикой «Шымкент кус» ведутся работы по разработке и внедрению в производство биологически активных кормовых добавок и биостимуляторов, полученных на основе микроводорослей. Одним из перспективных направлений сотрудничества является геновая инженерия, применяемая ТОО «Ордабасы кус» в процессе выращивания индюшек и позволяющая полностью использовать генетический потенциал выбранного кросса птицы.

Учеными университета достигнута договоренность с компанией «Planta» о совместном проекте по созданию различного рода БАДов. Большой интерес вызвали нано-капсулы, разработанные учеными на базе Научно-технологического парка КазНУ совместно с Научно-производственным центром «Рауан».

Соб.контр.

## Республиканская олимпиада «АЛЬ-ФАРАБИ-2017»

В КазНУ прошло официальное закрытие Республиканской олимпиады «Аль-Фараби» организованная совместно с Республиканским научно-практическим центром «Дарын» при содействии МОН РК. Олимпиады «Аль-Фараби» проходила в два тура с применением современных дистанционных информационных технологий.

В первом туре Олимпиады приняли участие 9029 школьников со всех регионов страны. По результатам 503 участника были признаны лучшими и допущены на второй тур, который прошел 2 марта 2017 года в режиме онлайн с применением современных дистанционных информационных технологий. От общего числа участников 63 учащихся прошли на третий тур.

Третий этап очного тура прошел 6 по 7 апреля 2017 года на базе КазНУ имени аль-Фараби в самой крупной Научной Библиотеке Средней Азии. Пятьдесят участников олимпиады соревновались по предметам естественно-математического направления.

Продолжение на 3-стр.

## ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕНІ ТОЙЛАДЫ

Қазақ ұлттық университеті Ұлыстың ұлы күніне арналған дәстүрлі мерекені айрықша өткізді. «Қош келдің, өз-Наурыз!» атты мерекелік шараға ҚазҰУ қызметкерлері, оқытушы-профессорлары мен оқу орнының білімгерлерінен бөлек, Қазақстанның белгілі ғалымдары мен қоғам қайраткерлері, журналистер, ҚР СІМ өкілдері мен Иран Ислам Республикасы, Корея, Индия, АҚШ, Франция, Қытай сынды алпауыт елдердің дипломатиялық корпус өкілдері қатысты.

Шетелдік қонақтар қалыптасқан үрдіске сай ҚазҰУ инфрақұрылымы нысандарына ат басын бұрды. Олар ғылыми-технологиялық парк қызметімен танысып, студенттердің бизнес-инкубаторларын тамашалады. Айтулы мерекеге орайластырылған университеттегі «Жасыл технологиялар» орталығының салтанатты тұсаукесерінде болды. Сондай-ақ жыл сайынғы игі бастаманы жалғап, ҚазҰУ-дағы жаңа ЭКСПО-2017 аллеясына ағаш отырғызды. Қазақ елі тарихындағы елеулі оқиғаға арналған аллея халықаралық деңгейдегі шара жұмысына деген ҚазҰУ ұжымының қолдауы мен жауапкершілігінің көрінісіндей.

Жаңа жылдың басы болған ұлы мейрамға арналған жиын – ҚазҰУ қалашығындағы дәстүрлі думан, мәртебесі биік мереке. Жыл сайын шара кең көлемде тойланып, қалашық тұрғындарына керемет көңіл сыйлап келеді. Әні мен әуені жарасқан әуезді мереке жанару мен жақсылықтың жаршысы іспетті. Бұл туралы алғашқы болып сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов айтып өтті. «Наурызда шуақты көктем келіп, жер-дүние жанарады. Барша табиғат ұйқысынан оянып, жаңа өмірге қадам басады. Міне, жер-ана қайта түлеген бұл кезең еліміздің жаңғыруымен тұспа-тұс келіп отыр.

Жалғасы 3-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

ҚАЗАҚСТАН - ГЕРМАНИЯ:  
25 ЖЫЛДЫҚ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



2-бет

ЖАС ТІЛШІЛЕР  
ФОРУМЫ



4-бет

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ  
ПОКОЛЕНИЙ



5-стр.

## ҚАЗАҚСТАН – ГЕРМАНИЯ: 25 ЖЫЛДЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Бас Консулы Йорн Розенберг Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы серіктестіктің басты бағыттарына тоқталды. Германия – еуропалық мемлекеттердің ішіндегі сапалы жоғары білім беруді тегін ұсынатын санаулы мемлекеттердің бірі. Қазақстан үшін де жыл сайын әр түрлі мамандықтар бойынша көптеген шәкіртақылар бөлінеді. Олардың ішіндегі алғашқы ұйымдардың бірі – Академиялық студенттер алмасудың германдық қызметі (DAAD).

Техникалық серіктестік жөніндегі Неміс қоғамдастығының менгерушісі (GIZ) Райнер Гертц Қазақстан үкіметімен құқықтық реформа саласында, «жасыл экономика» және дуальді білім беру саясаты аясындағы жобалық серіктестіктің қорытындыларын ортаға салды.

Қазақстан – Германия ынтымақтастығының мүмкіндіктері жан-жақты талқыланған

дөңгелек үстелдің беделді қатысушылары еуропалық дәстүрдің казак қоғамының модернизациясына, экономикасына, білім беру саласына игі әсер ететінін тілге тиек етті. Білікті мамандар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы Германдық зерттеу орталығы сияқты тәжірибе алмасу аймақтарына қолдау білдірді. Шара соңында халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының менгерушісі Е.С. Чукубаев Германдық зерттеу орталығының құрылғанына көп болмаса да, Германиямен көпжақты байланыс көпіріне айналып үлгергенін атап өтті.

**М.Ш.ГУБАЙДУЛЛИНА,**  
профессор,  
**Ж.Қ. ИДРЫШЕВА,**  
доцент

**Халықаралық қатынастар факультетінде Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасының арасында орнатылған дипломатиялық қатынастардың 25 жылдығына, факультет жанындағы Германдық зерттеу орталығының 5 жылдығына орай «Қазақстан – Германия: 25 жылдық ынтымақтастығы: сыртқы саясаты, дипломатиясы мен екі жақты қарым-қатынастардың келешегі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Аталмыш іс-шара ҚазҰУ мен шет ел дипломатиялық корпусы өкілдері арасындағы халықаралық ынтымақтастықтың жарқын көрінісі болып табылады.**

1991 жылы 31 желтоқсанда ҚР Тәуелсіздігін мойындаған Германия Федеративтік Республикасы 1992 жылы 11 ақпанда алғашқылардың бірі болып елімізбен ынтымақтастық орнатты. Бұл екі ел арасында 1992 жылы 22 қыркүйекте қарым-қатынастардың негізі жөніндегі басты келісімшарттың қабылдануына, екіжақты қатынастардың құқықтық-нормативтік базасының қалыптасуына, халықаралық аренада үкіметаралық қатынастар мен өзара ынтымақтастықтың жедел түрде ретке келтірілуіне ықпал етті.

Шараға халықаралық қатынастар факультеті көптеген жылдар бойы тығыз серіктес болып келе жатқан қазақстандық және германдық мекемелердің өкілдері қатысты. Қазақстанның екі жақты қарым-қатынасындағы Германияның ролі жөнінде Алматы қаласындағы ҚР СІМ өкілдігінің басшысы қызметінің міндетін атқарушы Дудар Жакенов сөз сөйледі.

Сондай-ақ Алматы қаласындағы Германия Федеративтік Республикасының

### ■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

Шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы мен Иран Ислам Республикасының Тәрбиет-э модәррес университеті гуманитарлық факультеті жуырда «Қазақстан мен Иран қатынасының жаһандануы: мәдени және рухани байланыстар» тақырыбында бірлескен халықаралық онлайн-конференция өткізді.

Конференцияда гуманитарлық ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Хосейнали Гобаді «Иран эпосы: ақылды пайымдау және әлемдік түсінік» және доктор Ибраһим Ходайар «Егемен дәуіріндегі Қазақстан мен Иранның мәдени және рухани байланыстары: ортақ және тарихи ақиқаттарына сәйкес нұсқамен» тақырыптарында баяндама жасады.

Онлайн-конференция жұмысына Алматы қаласындағы Иран Ислам Республикасы Бас консулдығы Мәдени өкілдігінің басшысы Сейд Джалали-Киясари, Шахид Бехешти университетінің докторы Амир Ченари, ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері қатысты.

**А.Ж. БОРАНБАЕВА,**  
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы

\*\*\*

**«Айналанды нұрландыр» жобасы аясында химия және химиялық технология факультеті химиялық физика және материалтану кафедрасының оқытушылары мен 1-курс магистранттары Алматы қаласындағы №3 Қарттар үйіне барып қайтты.**

Шара барысында магистранттар қариялармен емен-жарқын әңгіме өрбітіп, өз өнерлерін ұсынды. «Қадірлейік қарттарды» деп аталған бұл іс-шараның басты мақсаты білімгерлерімізді қарттарды қадірлеуге, үлкенді сыйлауға, мейірімділікке, жақсылық жасауға, жанышар болуға тәрбиелеу болатын. Сондай-ақ жастарға кімде-кім айналасындағыларға жақсылық жасаса, ол өзіне еселеніп қайтатынын және де жақсылық жасаған адамның жанының жадырайтынын айтып, іспен дәлелдеп түсіндіргіміз келді.

**Е.Ә. АҚҚАЗИН,**  
химия және химиялық технология факультетінің аға куратор-ұйымдастырушысы

\*\*\*

**Филология және әлем тілдері факультетінің студенттері Қазақстандағы Франкофония мерекесі аясында өткен «Француз тілі» апталығындағы «Менің жеке жобам», «Аймақтық мозаика», «Африка ақындарының көктемі» байқауларына қатысты.**

Талаптылар сынға түскен байқауда университет шәкірттері жоғарыдан көрінді. Жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының доценті, ф.ғ.к. А.С. Сейдикенованың жетекшілігімен 1-курс студенті Динара Сұлтанова «Менің үздік жобам» байқауына қатысып, «Биологтарға арнайы француз тілін оқыту» ғылыми жобасы бойынша 1-орынды иеленді. «Францияға жолдама» алған Динара сонымен қатар «Шет тілінде оқытын ЖОО орындары студенттеріне арналған тілдік байқаудан» да үшінші орынды иеленді. Сондай-ақ менің жетекшілігіммен 3-курс студенті Айым Көнтек «Африка ақындарының поэзиясын мәнерлеп оқудан 1-орынды және 2-курс студенттері «Аймақтық мозаика» байқауы бойынша 1-орынды иеленді.

Қатысушылардың білімдерін, еңбектерін, шеберліктерін бағалаған қазылар құрамында Франция қаласының өкілдері: Marcellin Guillemain (Қазақстандағы Француз елшілігінің мүшесі), Guillaume Kasperski, Pascal Dardet болды.

**А.Ә. КАМЗИНА,**  
жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының аға оқытушысы

### ■ РЕКТОРАТ

## АУҚЫМДЫ ІСТЕР АТҚАРЫЛУДА

**Келелі кеңесте күн тәртібіне сәйкес есеп беруді Экономика және қаржы департаментінің директоры Хакімжан Малаев бастап, 2016 жылғы университеттің қаржылық қызметі турасында ақпар келтірді.**

Ол бюджет серпінін, шығыс, кіріс құрылымына және еңбек төлемі қорына тоқтала отырып, ҚазҰУ студенттеріне көрсетіліп жатқан әлеуметтік көмек жайын толықтай баяндады. Оның айтуынша, бүгінгі күні 1189-дан астам студент жеңілдікпен білім алуда, ал жалпы университеттегі қаржы мөлшерінің 10 пайызы білімгерлерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартуға бағытталады. 22,9 млн. тенге жетім студенттердің киімі мен тамағына жұмсалса, сондай-ақ, туберкулезге қарсы диспансерде есепте тұратын студенттерге 4,4 млн тенге көлемінде өтемақы бөлінген.

Өз кезегінде Ғылыми-зерттеу институттарының индикативтік жоспарының шекті көрсеткіштерінің орындалуы және QS WUR нұсқасы бойынша 200 үздік университет қатарына кіру жөніндегі Жол картасының орындалуы туралы Зерттеу мен талдаудың физика-химиялық әдістері орталығының директоры Болат Кеңесов хабарлама оқыды. Б. Кеңесов 2015-2016 жылғы ҒЗИ-ның қаржыландырылуын, институттың соңғы 5 жылғы жариялануы мен рейтингті баспаларда жарық көрген студенттер мен қызметкерлер мақалаларының сандық мөлшерін негізге келтіріп, халықаралық ғылыми бағдарламалар мен жобаларды, ғылыми зерттеулерді гранттық, бағдарламалық қаржыландырудың жай-жапсарын айтты. Ол баяндама барысында институтқа НАТО ұйымының «Phytotechnology for cleaning military sites» гранты бөлініп, Физика-химиялық талдау орталығы мен «AIM Lab» ЖШС қызметкерлерінің ұйымдастырумен



гальваникалық цех ашылғанын жеткізді.

Биология және биотехнология мәселелері ҒЗИ директоры Амангелді Бисенбаевтың ақпарында Scopus, Thomson Reuters журналдарында жарияланған студенттер мен магистранттар, докторанттар мен оқытушы-профессорлық құрамның ғылыми жариялымдарына дәйектеме келтіріп, олардың ағылшын тілінде жарияланған мақалаларын жеке-жеке атап өтті. А.Бисенбаевтың айтуынша, институтта 24 жоба әзірленген. Мұндағы жобалардың бірнешеуін Ұлттық биотехнология орталығы, Kaz Trans Oil, «KazEcoSolutions» ЖШС, National laboratory Astana сияқты белгілі компаниялар қаржыландыруда. Институт қызметкерлерінің жетекшілігімен мұнаймен ластанған топырақты тазалайтын биопрепарат өндіретін «BioClean» атты шағын инновациялық кәсіпорын ашылған.

Инженерлік профилдегі зертхана менгерушісі Дидар Батрышев хабарламасында

инженерлік профиль қызметінің негізгі бағыттары, жобалар мен байқауларға қатысу, зертхананы қаржыландыру туралы ақпараттар топтамасы келтірілді. Д. Батрышев ақпаратында ИПЗ қызметкерлерінің жарияланымдары 87-ге жеткенін атап өтіп, олардың жыл сайын ғылыми семинарлар мен конференцияларға қатысып, білімдерін жетілдіріп отыратынын тілге тиек етті.

Мардымды мағлұматтар легін жалғаған ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілеккабыл Рамазанов университет делегациясының Оңтүстік Қазақстан облысына іс-сапары туралы есеп берді. Жиын соңында заң ғылымдарының докторы, азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының доценті Гүлмира Нұрахметова қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына ұсынылып, бірауыздан ректорат мүшелерінің қолдауына ие болды.

**Жазерке ҚАРПАТБАЕВА**

Жалғасы. Басы 1-бетте

## ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕНІ ТОЙЛАДЫ

дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді», – деді ректор. Сондай-ақ, ол жиналған қауымды Наурыз мерекесімен құттықтап, жүрекжарды ізгі тілегін жеткізді.

Алыс-жақын елдердегі әріптес, тілектес жұртты жинаған мерекелік шара қазақтың әдет-ғұрпын әспеттеп, дәстүрін дәріптеп, халқымыздың мерейін тағы бір мәрте еселей түсті. Тарих қойнауына сүңгіп, көкөрай шалғынды жеріміз бен дархан көңілді еліміз, халқымыздың бейбітшілігі мен достығы, бір шаңырақ астында тұратын этностар бірлігі

бейнеленіп, ұлы дала елінің жетістіктерінен сыр шерткен көріністер көпшілікті қайран қалдырды. Сондай-ақ Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған университеттік «Тазалық апталығы» байқауының жеңімпаздары марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

Ұлық мерекеле күмбірлете күй шертіліп, әуелеген ән шырканды. Қыздар мың бұрала билесе, жігіттер күш сынасып, қол күрестірді. Көрікті ҚазҰУ қалашығының сәнін келтіріп, көз қызықтыратын аңшанқан киіз үйлер мен ондағы түрлі ұлттық тағамдар ұсынылған мол дастархан мереке көркін қыздыра түсті.

Жазерке ҚАРАТАЕВА

Журналистика факультетінде студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» халықаралық конференциясына орай V Қожакеев оқулары аясында «Әл-Фараби және замансөз: дәстүрлер диалогы» атты ғылыми конференция өтті.

## ҚОЖАКЕЕВ ОҚУЛАРЫ ӨТТІ

Ғылыми жиында әл-Фараби мұрасындағы замансөз өрнектері, ғұлама трактаттарындағы әлеуметтік мәселелердің бүгінгі қоғамдағы көрінісі, сондай-ақ қазақ баспасөзіндегі әл-Фараби мұрасының жариялануы жайында ғылыми баяндамалар жасалды.

Қожакеев – қазақ сатирасының тарихы мен ерекшеліктерін зерттеп, негізін қалаған ғалым. Ол – қазақ әдебиеті мен баспасөзінің тарихы, теориясы жөніндегі 200-ден астам мақала мен көркем-публицистикалық очерк, фельетондардың авторы. Қожакеев өмірінің соңына дейін Қазақстан Жазушылар Одағы жанындағы қазақ сықақшылары қауымдастығының президенті болды.

Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожакеев журналистика мамандығын таңдаған жастарға арнап алғаш рет «Жас тілшілер серігі» қойын кітапшасын жазды. Осы орайда Қожакеев оқулары қарсаңында «Жас тілшілер» байқауы жарияланып, ең үздіктер материалдар арнайы дипломға ие болды. Байқау қоржынына түскен жұмыстар қатарында Т.Қожакеев өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми-зерттеу жұмыстары мен мультимедиялық жобалар, сонымен қатар сатиралық туындылар болды. Байқау жеңімпаздары – Арай Жұматай, Жадыра Онайбаева, Жадыра Бағашар, Назым Самет, Ұлжан Лайық, Арайлым Танкаева, Құнту Арынбек, Саяжан Абирбекке Темірбек Қожакеев атындағы арнайы шәкіртақы тағайындалды.

Жыл сайын жас ғалымдар асыға күтетін дәстүрлі Қожакеев оқулары биыл да үздіктерді ғылым әлемінен сусындатты.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,  
баспасөз және электронды БАҚ  
кафедрасының меңгерушісі



Жуырда ғана Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында жазғандай, ұлы өзгерістер мен қайта жаңғырудың уақыты келді. Замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайтыны анық», – деді университет басшысы.

Ғ. Мұтанұлы өз сөзінде студенттерге үндеу тастап, Президент мақаласындағы негізгі тұжырымға тоқталды. «Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің

Продолжение. Начало на 1 стр.

Особенность заключительного тура была в том, что он проводился в виде решения теоретических и практических задач в современных учебно-научных лабораториях университета, а задания общественно-гуманитарного направления прошли в виде написания эссе и ответов на теоретические вопросы. Для формирования практических навыков научно-исследовательской работы участники Олимпиады дополнительно готовили исследовательский проект-реферат по предложенной тематике под руководством наставника-куратора (преподавателя, ведущего ученого КазНУ им аль-Фараби), который оценивается отдельно и учитывается в итоговом суммировании баллов.

По итогам заключительного этапа Республиканской олимпиады «Аль-Фараби» коллективным решением членами жюри олимпиады победителями и призерами дипломов I степени удостоились: Ляззат Кусаинова, уроженка г.Кокшетау по предмету русский язык и литература; Тейли Макашева уроженка, г.Алматы по предмету информатика; Аяжан Толеген, уроженка г.Алматы по предмету история Казахстана; Дана Русланқызы, уроженка Алматинской области по предмету казахский язык и литература; ДанаБейсенова, уроженка г.Алматы по предмету биология; дипломами II степени удостоились: Олжас Сайлаубек, уроженец г.Алматы по предмету казахский язык и литература; Рабия Ермуханова, уроженка г.Алматы по предмету география; Амангельды Сарсембай, уроженец Павлодарской области по предмету химия; Нурдаулет Даубасов, уроженец г.Алматы по предмету Всемирная история; Акерке Кадырхан, уроженка Павлодарской области по предмету английский язык; Аружан

## РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ОЛИМПИАДА

### «АЛЬ-ФАРАБИ-2017»



Сатыбалдина, уроженка г.Алматы по предмету английский язык; Шахмурат Исмаилов, уроженец г.Алматы по предмету биология; НаргизТуртаева, уроженка г.Астаны по предмету французский язык; Алена Сычева, уроженка г.Алматы по предмету русский язык и литература;

дипломами III степени удостоились: Ким Ксения, уроженка г.Павлодар по предмету русский язык и литература; Малика Бекбатыр, уроженка Алматинской области по предмету биология; Серикгуль Нускаубек, уроженка ВКО по предмету история Казахстана; Акбота Тилеужан, уроженка г.Алматы по предмету казахский язык и литература; Мейирбек Куаныш, уроженец ЮКО по предмету математика; Айжан Сыздыкова, уроженка ЮКО по предмету география; Айғаным Әтен, уроженка г.Алматы по предмету информатика;

Жанель Ибраева, уроженка г.Алматы по предмету немецкий язык; Жаксылық Ырысты, уроженка ЮКО по предмету химия; Темирлан Пазылов уроженец Павлодарской области по предмету французский язык; Азиза Манкенова, уроженка Карагандинской области по предмету английский язык; Нурғали Жасулан, уроженец Актюбинской области по предмету физика; АружанТастамбек, уроженка ЮКО по предмету биология; Залина Серикова, уроженка Атырауской области по предмету история Казахстана.

На торжественном завершении 3-го этапа Республиканской олимпиады «Аль-Фараби-2017» выступил с поздравительной речью проректор по учебной работе КазНУ имени аль-Фараби АскарХикметов: «Уважаемые участники! Поздравляю Вас с победой! Хочу сказать, что эта победа- первая

ступень в ваше будущее, что благодаря своему твердому характеру и упорному труду вы добьетесь в этой жизни больших высот!».

Также обладательница диплома I степени, уроженка города Кокшетау Ляззат Кусаинова в своем выступлении от имени всех участников выразила огромную признательность и благодарность всем преподавателям и организаторам Республиканской олимпиады «Аль-Фараби».

При проведении всех этапов Республиканской олимпиады организаторами и участниками были соблюдены все условия проведения, регламентированные Положением Республиканской олимпиады «Аль-Фараби».

Данара КАЛИАКПАР,  
директор ЦПП «Абитуриент»

## ПОЛИКУЛЬТУРНЫЙ ОПЫТ

**Важным шагом к международному признанию КазНУ им. аль-Фараби стала реализация двудипломных образовательных программ подготовки магистров. В рамках этой программы на кафедре русской филологии и мировой литературы прошли лекции известного специалиста в области би- и полилингвизма, д.ф.н, профессора кафедры иностранных языков факультета гуманитарных и социальных наук Российского университета дружбы народов У.М. Бактикеревой (г. Москва).**

Ярким примером в данной области является сама Улданай Максумовна, казашка по национальности, уроженка Оренбурга, ныне проживающая в Москве, автор докторского исследования «Художественный билингвизм и особенности художественного текста писателя-билингва» и многочисленных трудов в данной области. Ее лекции в нашем университете были посвящены культурным измерениям и перспективам альтернативных теорий глобализации, что вызвало живой интерес у слушателей ввиду актуальности в современном казахстанском обществе проблем транскультуры, приходящей на смену поликультурности. Основная направленность лекций российского коллеги касалась билингвизма, поставленного в филологии на научную основу, а также смен подходов для осмысления поликультурного опыта, связанных с вопросами развития национальной идентичности творческой личности.

Важнейшим ориентиром для всех слушателей – как молодых ученых кафедры, так и представителей старшего поколения – стало уточнение социальной и культурной идентичности полиэтнической личности, что особенно актуально для нашей страны, где функционируют два языка на государственной почве. Нередко лекции У.М. Бактикеревой сопровождались дискуссиями, чаще – превращались в заинтересованный диалог по многим актуальным вопросам для современной культуры и филологической науки. Отрадно, что все споры проходили в обстановке взаимопонимания, а магистранты, докторанты кафедры и все преподаватели и сотрудники получили прекрасную возможность окунуться в сугубо научную атмосферу диалога, получили исчерпывающие профессиональные консультации по проблемам функционирования двуязычия и полиязычия в разных проявлениях как в казахской язычной, так и в иной языковой среде. По итогам лекций всем слушателям были вручены соответствующие сертификаты.

**Н.К. САРСЕКЕЕВА,**  
к.филол.н., доцент

# ЖАС ТІЛШІЛЕР ФОРУМЫ

**Жуырда журналистика факультеті, баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ұйымдастыруымен республикалық «Ұлан», «Дружные ребята» газеттерінің қолдауымен дәстүрлі XVII «Жас тілшілер» форумы өтті.**

Форумының ашылу салтанатында мектеп оқушылары арасында былтырғы жылдың 1 қарашасынан бастап ағымдағы жылдың 25 наурызына дейінгі аралықта өткен республикалық «Журналист болғың келе ме?», «Жас репортер», «Әл-Фараби мұрасы», сондай-ақ «Al-Farabi university – smart city» жобасын қолдауға арналған «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы» тақырыбындағы ең үздік шығармалар, эсселер, фото, аудио, видеоматериалдар мен графикалық туындыларға жарияланған байқаулардың қорытындысы бойынша ең үздік жұмыстардың жеңімпаздарын дипломдармен марапаттау рәсімі болды.

Мәдени бағдарлама аясында форум қатысушылары ҚазҰУ кампусына пресс-тур жасап, журналистика факультеті ұжымымен танысты. «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында болып, Әл-Фараби кітапханасы қызметкерлерімен кездесті. Сонымен қатар еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған мектеп оқушылары «Қазақстан» телеарнасы, «Ұлан», «Дружные ребята» редакцияларында қонақта болды.

Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті 80 жылдан астам уақыт ішінде үлкен тәжірибелік асуларды бағындырды. Кешегі Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Телжан Шонанұлы, Сәкен Сейфуллин, Құдайберген Жұбанұлы сияқты ұлттық журналистиканың негізін салған, шындық пен нақтылықтың бет-бейнесін қағазға түсіріп, жаналықтың жаршысы бола білген, қиындығы мен қызығы мол мамандықтың данқты түлектерін даярлап келеді. Факультеттің бүгінге дейінгі қалыптасу жолында көптеген ғылым кандидаттары мен докторларын даярлап шығаруға еңбек сіңірген Намазалы Омашев, Сағымбай Қозыбаев, Марат Барманқұлов, Бауыржан Жақып сынды ғалымдарымыздың есімдерін әрқашан мақтанышпен айта аламыз.

Соңғы жылдары журналистиканың дамуына жана технологиялар енгізіліп, осыған



негізделген БАҚ-тың жана түрлері пайда бола бастады. Қазірдің өзінде факультет аудиторияларына интерактивті түрде дәріс оқитын интернет жүйесі, компьютерлер, проекторлар, вебтүсірілімдер қойылды. АҚШ университеті мен Куала-Лумпурден оқытушыларды факультетке тартып, интерактивті жүйеде дәріс оқу мүмкіндігіне қол жеткізілді. Интернет арқылы студенттер әлемдегі кез келген елдің БАҚ тәжірибесін оқытушыдан ғана үйреніп қоймай, өзіне қажетті ақпаратты әлемдік басты медиакұрылымдардың вебтік беттерінен ала алады. Олар бұл мүмкіндіктерді пайдалана отырып, шетелдік бағдарламалармен, танымал журналистермен, комментаторлармен танысуда.

Факультетте дәстүрге айналған XVII «Жас тілшілер» форумының негізгі мақсаты да білімгерлердің журналист мамандығына деген сүйіспеншілігін арттырып, жастардың шығармашылық қырларын одан әрі дамыту.

Биылғы форум қорытындысы бойынша жалпы жеңімпаз атануға 54 үміткер талпынды. Нәтижесінде I дәрежелі диплом иегерлері – Ғаппар Аяжан Досболсынқызы, Гүлдана Нығматуллаева, Рысгүл Даутанова және өзге де он сегіз жеңімпазды ҚР ҰҒА корреспондент-

мүшесі, профессор, ҚазҰУ ректорының кеңесшісі, акын Бауыржан Жақып марапаттады.

II дәрежелі дипломды – Алматы облысы Райымбек ауданы Қызылшекара ауылы, Байшығанұлы атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы Алмабек Ибрайымов, Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қожабақы ауылының №25 орта мектебінің 11-сынып оқушысы Айсұлу Жеткерген, Алматы қаласы Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-интернаттың 8-сынып оқушысы Ерболат Байрамбаев иеленді. Ал III дәрежелі дипломға Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның 11-сынып оқушысы Аруна Қаражан, Алматы қаласы №43 жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушысы Ақерке Жәнібекова, Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Қарабұлақ ауылы, «Қарабұлақ орта мектеп-бақшасының» 11-сынып оқушысы Айым Бектегенова лайықты деп танылды.

**Ғалия МАЙКОТОВА,**  
ф.ғ.к., баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті

**Қазақ білімінің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың он бес факультеті ішінде тарих, археология және этнология факультетінің өзіндік алар орны ерекше. Факультет қабырғасында жастардың шығармашылық тұлға болып қалыптасуына бағытталған көптеген студенттік ұйымдар жұмыс істейді. Солардың бірі – жақында ғана құрылса да игі бастамаларымен, мәдени іс-шараларымен еленген «Қазына» шығармашылық клубы.**

Аты айтып тұрғандай, кілең шығармашылық жастарды бір арнаға тоғыстырған, ізденістегі дарындылар мекені. Негізгі мақсаты – студенттердің шығармашылығын қолдау, мәдениетін көтеру, жастардың ұлттық санасын қалыптастыру, кітап оқуға тарту, студенттердің бос уақытын тиімді пайдалануға баулу. Сондықтан клубта шығармашылық адамдарымен кездесулер, интеллектуалдық

## ДАРЫНДЫЛАР КЛУБЫ



жарыстар, жаңа кітаптарды талдау, тағы басқа шараларды өткізу жолға қойылған. Жуырда ғана клубтың ұйытқы болуымен қара қаламды қару еткен жас ақындардың жыр мүшайрасы

өткізілді. «Махаббат, қызық мол жылдар...» деп аталған әдеби кеште көңіл толқынын ақ өлеңмен ағылтқан ақындар көрермен көзайымына айналып, жырдан шашу шашты. Қатысушыларға арнайы мақтау қағаздары тапсырылып, факультет ғалымдарының кітаптары сыйға тартылды.

Айта кетерлігі, «Қазына» шығармашылық клубы ақындық, сурет өнері, ән, би, актерлік шеберлік сынды алты бағыт бойынша жұмыс істейді. Шығармашылыққа жақын жас өкілдер жаңа оқу жылының басында қабылданып отырады. Бүгінгі таңда клубтың белсенді мүшелері: Айкерім Салауатова, Сайра Миажден, Асила Жанболатова, Айдана Сайфулла, Жанбота Жұмағалиева, Жансая Қосмырза, Ергали Маңқараев және т.б. Ел ертені жастардың жалынын жағатын жана клубқа ел болып табыс тілейік!

**Алмас ТОҚСАНБАЕВ,**  
клуб жетекшісі, аға оқытушы

**26 сәуірде Алматы қалалық сотының төрағасы Ақжан Ештайдың қатысуымен оқу залының салтанатты ашылу рәсімі өтеді**

# ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ПОКОЛЕНИЙ

28 апреля 2017 г. В КазНУ им. аль-Фараби, на факультете филологии и мировых языков состоится международная научно-практическая конференция, посвященная 85-летию видного ученого Казахстана, академика, доктора филологических наук, профессора Май Михайловны Багизбаевой. Организатором IX Багизбаевских чтений выступила кафедра русской филологии и мировой литературы по инициативе Баян Умирбековны Джолдасбековой (дочери М.М. Багизбаевой).

В ежегодном мероприятии примут участие видные ученые-филологи, фольклористы РК из стран ближнего и дальнего зарубежья, которые обменяются знаниями, опытом и мнениями по актуальным проблемам науки. По итогам конференции будет выпущен сборник материалов.

М.М. Багизбаева — известный ученый в области фольклористики не только в Казахстане, но и далеко за его пределами, талантливый руководитель и общественный деятель. Она получила образование в Московском государственном университете имени М. Ломоносова, там же обучалась в аспирантуре.

Мая Михайловна прошла школу известных ученых-филологов: Э.В. Померанцевой, Д.Д. Благого, С.М. Бонди, Б.В. Михайловского, Л.И. Тимофеева, А.И. Метченко, В.Д. Дувакина, Н.К. Гудзия, А.В. Кокорева и других. Именно в эти годы она поняла глубокую правдивость народно-поэтических произведений, в которых находят отклик все стороны жизни народа, эволюция его мирозерцания и миропонимания. По словам академика НАН РК, профессора З. Ахметова, «фольклор становится не просто ее профессией, но и ее жизнью, ее страстью, ибо изучение и осмысление народных поэтических произведений для нее это форма выражения своих мыслей, своей любви к жизни и к людям».

С 1963 года, с момента прибытия в КазГУ им. С.М. Кирова (ныне — КазНУ им. аль-Фараби), М.Багизбаева с огромным энтузиазмом взялась

за исследование устного народного творчества. Она справедливо считала, что пока живы носители русского фольклора Казахстана, его нужно как можно быстрее собирать и фиксировать, сохранять как бесценное национальное достояние не только культуры, но и науки. В связи с этим ею были организованы обязательные ежегодные фольклорные практики, во время которых студенты стали собирать фольклорный материал по регионам республики. Для научной обработки собранного студентами, преподавателями-стажерами и аспирантами богатого фактического материала был создан кабинет фольклора, который позже был расширен и переименован в фольклорную лабораторию. Мая Михайловна являлась ее бессменным руководителем, на базе данной лаборатории были разработаны и подготовлены десятки дипломных работ и диссертаций.

Научные исследования, проводимые профессором и ее учениками, вносят весомый вклад в развитие современной фольклористики, помогают сохранить историческую память, представляют научную ценность, способствуют укреплению взаимопонимания и взаимоуважения народов в полиязычном пространстве Казахстана.

Следует особо отметить, что ее научные труды познакомили общественность с казахским фольклором Семиречья и Восточного Казахстана, с произведениями русского поэтического искусства, относящегося к периоду бытования в Казахстане. Они

восполнили имеющиеся пробелы в науке и явились существенным вкладом в фольклористику.

Мая Михайловна активно пропагандировала научные достижения: выступала с докладами на республиканских и международных конференциях, проводимых в Алма-Ате (ныне — Алматы), Ленинграде (ныне — Санкт-Петербург, Россия), Москве и Челябинске (Россия), Киеве (Украина), Кишеневе (Молдавия), Риме (Италия).

Профессор М. Багизбаева внесла неоценимый вклад в укрепление научного авторитета кафедры русской и зарубежной литературы в республике и зарубежом. Она всегда активно участвовала в научной и общественной жизни коллектива: была членом Ученого совета факультета, председателем Диссертационного совета, членом специализированного совета по защите докторских диссертаций при НАН РК, академиком АН ВШ, членом Ученого совета университета, членом Президиума Союза женщин при Президенте РК и председателем Союза женщин КазГУ.

Славные традиции кафедры, заложенные М. Багизбаевой, достойно продолжает (с 2008 года по настоящее время) ее дочь — член-корреспондент НАН РК, доктор филологических наук, профессор Баян Умирбековна Джолдасбекова, выпускница КазГУ.

Кафедра в настоящее время, как и в период заведования М. Багизбаевой, является центром литературоведения и филологии в Казахстане. Многие исследования направлены на решение ряда крупных научных проблем, имеющих важное социально-культурное значение для духовного обогащения и развития общества. Результаты научно-исследовательской работы активно внедряются преподавателями кафедры в учебный процесс, распространяются в форме публичных лекций, разработки учебных,



типовых и рабочих программ, учебно-методических пособий и рекомендаций, руководства и защиты курсовых, выпускных, диссертационных работ, а также подготовки студентов к ежегодным научно-студенческим конференциям, проводимым на базе факультета филологии и мировых языков КазНУ.

На кафедре осуществляется научная деятельность по разным направлениям в исследовании языка и литературы. Приоритетными в исследованиях по русской и зарубежной литературе являются проблемы типологии романских и лирических жанров, которым посвящены исследования по истории классической литературы, вопросам традиции и новаторства писателей Казахстана, своеобразию постмодернистской литературы XX-XXI веков и др.

В области фольклористики на основе фундаментальных работ профессора М. Багизбаевой проводятся исследования проблем, связанных с анализом обрядовой лирики отдельных регионов Казахстана, вопросами фольклоризма в творчестве русских и казахских писателей.

С целью реализации процессов модернизации системы образования в стране, интеграции в мировое образовательное пространство и кредитной технологии обучения кафедрой разработаны такие модули индивидуальных образовательных траекторий, как: «Традиции и новаторство в филологических исследованиях», «Новые парадигмы в современной филологии», «Инновационные методы анализа и изучения русского языка и литературы» и др. В соответствии с ними преподавателями подготовлены и читаются новые учебные курсы для бакалавров, магистрантов и докторантов.

Научные связи, налаженные профессором М.М. Багизбаевой, широко поддерживаются на кафедре. Преподаватели принимают активное участие в международных конференциях, что укрепляет сотрудничество с ведущими вузами и научными центрами стран ближнего и дальнего зарубежья.

**Ж.А. БАЯНБАЕВА,**  
заместитель зав. кафедрой русской филологии и мировой литературы по учебно-методической работе;  
**А.Б. ТУМАНОВА,**  
д.ф.н., профессор кафедры русской филологии и мировой литературы



На военной кафедре прошла патриотическая игра «Болашақ Отан қораушысы» среди школьников г. Алматы

# Кітап оқыған басқарады...

**Бүгінгі әлеуметтік, экономикалық және технологиялық салалардың қарқынды дамып, ғылыми-техникалық ақпараттың үздіксіз жаңарып отырған кезеңінде бәсекеге қабілетті білікті жас мамандарды дайындау көкейтесті мәселелердің біріне айналды.**

## МЕНИҢ БОЛАШАҚ КӘСІБИ МАНСАБЫМ

Біліктілігі жоғары жас мамандар қоғам тіршілігіндегі барлық салаларда өз орнын тауып, әлеуметтік ортаға бейімделген, шығармашылық тұрғыдан өзгертулер мен жаңартуларды қабылдауға және өндіріске енгізуге, туындаған мәселелерді өз бетінше айқындап қана қоймай, оны шешудің жолдарын іздестіруге қабілетті жеке тұлғалық қасиеттерге ие болуы қажет. Білім беру саласы мамандарды дайындайтын басты ресурс ретінде білім алушыға барынша қолайлы жағдай жасап, өзін-өзі жетілдіру және жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуда оқытудың кез келген формалары мен технологияларын заманға сай модернизациялап, жаңартуы тиіс.

Студенттерге кәсіптік бағдар беру жұмыстарына олардың тандаған мамандықтары бойынша кәсіби дағдыларды қалыптастыруға зор үлес тигізетін технологияның бір формасы түрінде қарастыруға болады. Оның айғағы ретінде биология және биотехнология факультеті, биотехнология кафедрасының оқытушылары Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерлерімен бірге «Биотехнология» мамандығының 2-курс студенттеріне арнап «Менің болашақ кәсіби мансабым» тақырыбында ұйымдастырған шараны айтуға болады. Шара студенттерді ҚР ғылыми-зерттеу институттарында кәсіби мансапты құру мүмкіндіктерімен таныстыру, кәсіби қызметте табысқа жету мотивациясын дамыту мақсатында өткізілді. Студенттер институттың ғылыми қызметкерлерімен кездесіп ондағы жүргізіліп жатқан ғылыми жобалармен, инновациялық ғылыми бағыттарымен, алынған нәтижелері және жетістіктерімен танысты. Ғылыми қызметкерлер – С.Б.Рамазанова, Р.С.Ержебаева, Г.Ш. Баймағанова, А.М. Абекова, Е.С. Жасақпаевтардың студенттерге оқыған дәрістері құнды ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін жоғарылату, ортаның түрлі стрестік факторларына төзімділігін арттыру мақсатында жана сорттарды шығаруда дәстүрлі сұрыптау әдістерімен қатар, заманауи биотехнологиялық әдістерді қолданудың ерекшеліктері мен артықшылықтары туралы қызықты мәліметтерге толы болды. Мәденилендірілген дақылдардың жана сорттары мен будандарын алуда генетикалық ресурстарды тіркеу және жіктеуде молекулалық биология әдістері және олардың маңыздылығы туралы баяндамалар жасалды.

Кәсіптік бағдар беру шарасы аясында студенттер ғалымдармен танысуға, «Биотехнология негіздері», «Молекулалық биология» және т.б. пәндерді оқу барысында алған ғылыми-теориялық және практикалық білімдерін толықтыратын көптеген қажетті мағлұматтарды алуға, өздерін қызықтырып, толғандырып жүрген сұрақтарға жан-жақты жауап табуға мүмкіндік алды.

Биотехнология кафедрасының оқытушы-профессорлары мен «Биотехнология» мамандығының студенттері атынан Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты басшылығы мен ғалымдарына үлкен алғыс білдіреміз!

**С.Ш. АСПАНДИНА,**  
б.ғ.к., биотехнология  
кафедрасының доценті

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ елімізде ғана емес, әлемдік білім кеңістігінде өзін танытып, қадамын нық басып келе жатқан іргелі білім ордасы екені даусыз. Зерттеу университетіне айналу жолындағы ҚазҰУ тәжірибесіне бүгінде көптеген беделді халықаралық ұйымдар қызығушылық танытып отыр. Осы орайда университет бағындырған белестер мен жетістіктерді нығайта түсу жайындағы ойларымызды ортаға салғымыз келеді. Олар кітапхана жұмысын тиімді пайдалануға қатысты болмақ.**

«Көп оқыған басқарады, оқымаған басқарылады» деген тұжырым бар. Оқылм мен сауаттылық деңгейі өмір сапасына, экономиканың өсіміне, іргелі ғылымдардың дамуына, рухани өмір мен мәдениетке, білім беруге және тағы басқа көптеген салаларға ықпал етеді. Сырттай бақылап отырсақ, қазіргі жастар арасында кітап оқуға және терең білімге деген қызығушылық азайып барады. Ал дамыған елдердің университеттерінде, керісінше, кітап оқу сәнге айналған. Онда кітап оқып отыратын студенттерді жиі көруге болады. Қазіргі біздегідей киімі, телефоны, машинасымен емес, олар бір-бірінің өмірлік қызығушылығына, білім деңгейіне, ұстанымдарына басымдық беретіні де шындық. Терең және жан-жақты білім, тәжірибелілік, канша тіл біліп, әлемді қалай танитындығы – олар үшін басты құндылық. Олар әу бастан өз болашағын жоспарлайды, оны орындауға күн сайын біртіндеп үлес қосып отырады. Ал біз ше?...

Олардың даму деңгейін тез қуып жету үшін бізге алғашқы курстан бастап келесі үш негізгі әдісті қолдану керек деп ойлаймыз: жылдам басу, тез оқу және есте сақтау техникалары. Бұл әдістерді игеру арқылы күнделікті оқу жылдамдығын бір айдың ішінде 3-4 есе және одан да жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады. Жылдам басудың 10 минуттық тестін өткеннен кейін-ақ минутына 200-400 басу автоматты түрде игеріледі, ал есте сақтау техникалары аз уақыттың ішінде көп ақпаратты жадта сақтауға мүмкіндік береді.

Егер білімді үлкен өндіріс деп алып қарастыратын болсақ, университет – бұл білім фабрикасы, ал кітапхана – білім сақталатын басты цех. Біздің зауытымыз тиімді жұмыс жасауы үшін біз орталық цехті жана бағытқа

өзгертуіміз керек. Оны жүзеге асыру үшін бізде мықты материалдық негіз де, мүмкіндік те бар. Бізде Қазақстан бойынша кітап қоры жөнінен Ұлттық кітапханадан кейінгі орынды алатын бай әрі үлкен кітапхана бар: жалпы аумағы – 17856 шаршы метр; оның құрылымында 11 абонемент, 780 орынды 1850 шаршы метрлік классикалық оқу залы, көпшілік шаралар өткізуге арналған ғалымдар залы, магистранттар залы, жеке және топпен жұмыс жасауға арналған залдар, мерзімді басылымдар залы оқырмандарға қызмет көрсетеді. Бүгінгі таңда кітапхана оқырмандарды тек кітаппен ғана қамтамасыз етіп отырған жоқ. Сонымен бірге оқырманның ыңғайлы жұмыс жасауына қажетті атмосфера орнатып, барлық сұраныстарына жауап беріп отыр.

Осы орайда кітапханамыздың интеллектуалды жүйе кеңістігіне айналып, экономикалық және әлеуметтік маңызын арттыру үшін бірқатар шараларды ұсынамыз. Кітапханадағы интернет желісінің жоғары жылдамдығын қамтамасыз ету арқылы жұмысты тез әрі сапалы орындауға және студенттердің кітапханаға көптеп тартылуына, қызмет көрсету деңгейін жоғарылатуға үлкен мүмкіндік бар. Сонымен бірге кітапхана қызметтеріне студенттерді орналастыру (арнайы жұмыс квалификациясын қажет ететіндерінен басқа) арқылы студенттердің толық емес жұмыспен қамтылуына және тиімді атмосфералық ортада әлеуметтенуіне оң әсерін тигізеді. Жоғарыда айтылғандай, жылдам басу, тез оқу, есте сақтау техникалары курсы ашу және қызықты тренингтерді ұйымдастыру арқылы кітапхананың қосымшатын маңыздылығы мен оқырманның интеллектуалды дамуына үлес қосуға болады. Кітапхана қызметіне салынатын қаражат жарқын болашаққа құйылатын

инвестиция деп білеміз. Оның тез әрі сапалы түрде ақталарына сенім мол. Бұл ұсыныстар жүзеге асырылса, студенттердің арасында білімге деген бәсеке туып, олардың оқу үлгерімі де жоғарылары анық. Оқу мәдениетін қалыптастырады; шет елдердегідей кітапханаға бейімделу процесін жеңілдетіп, студенттер оқу әдетіне дағдыланады; білім алу сапасы артады; пәнді оқыту құрылымындағы өзгерістер пайда болады; студенттер жартылай жұмыспен қамтылады; студенттер арасында девиантты мінез-құлық төмендейді; мәдени кездесу орны қалыптасады және студенттердің бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік жасайды; кітапхана студенттердің мейлінше көп уақытын сонда өткізі келетін оазиске аналды.

Білім саласы қоғамның барлық салаларына тікелей әсер ете алатын қасиетке ие. Р.Коллинздің ойынша, жүйені көп оқыған, білім қуған, зерттеулер жасаған адамдар құрады және олардың ойлары қоғамдағы жағдайларды өзгертуге немесе дамытуға ықтималдығы жоғары болады. Біздің жағдайда студенттердің интеллектуалды жүйесі болашақта олардың жоғары жалақылы жұмысқа орналасуына, қоғамда беделді болуына, толық әрі дұрыс ақпаратқа ие болуына мүмкіндік тудырады.

«Кім ақпаратқа ие, сол әлемді басқарады» деген ойға қосыла отырып, кітапхананы әлемді басқара алатындардың басты орны ретінде көре аламыз.

**Жансая СИДАЛИЕВА,**  
«Әлеуметтану» мамандығының


1-курс магистранты;

**Гүлнәр ИСМҰХАНОВА,**  
әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс  
кафедрасының доценті

**АМАНҚОС АЙДАР АЛМАТҰЛЫ**

1998 жылдың 14 қазанында Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Аранды ауылында дүниеге келген. 2004 жылы Аранды ауылдық № 97 орта мектебінің табалдырығын аттап, оқу ордасында белсенділігімен көзге түскен. Аудандық III Махамбет оқуларының III орын, IV Махамбет оқуларының II орын жүлдегері, «Қазақстан филологиялық білім беруді дамытудың негізгі басымдықтары» тақырыбында «Үздік эссе» байқауында II орынды иеленген. Әйтеке бидің 370 жылдығына орай өткізілген Қазалы аудандық ақындар мүшәйрасының лауреаты, «Тәуелсіздік-тірегім» атты республикалық мүшәйра жүлдегері, аймақтық «Ару қала – Астана» атты ақындар мүшәйрасының бас жүлдегері.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультеті «Метеорология» мамандығының 2-курс студенті.



**МЕТЕОРОЛОГИЯ**

Метеорология,  
Иә, менін мамандығым,  
Бұлттарменен толтырған санамды мың,  
Үлпілдеген ақ қардай адалдығым,  
Жауған нөсер жанбырдай табандымын!

Метеорология,  
Иә, менін болашағым,  
Көк аспанмен тайсалмай таласамын,  
Айналаны басса да, кара сағым,  
Күн нұрына күлімдеп қарасамын!  
Метеорология,  
Иә, менін мақтанышым,  
Білімімен сусындатып жатқаны үшін,  
Бойымдағы жалынды жакқаны үшін,  
Болашағың гүлденіп, бақ дарысын!

Метеорология,  
Иә, менін жүрегімде,  
Бір-ақ жерде болған соң ұлы елімде!

**САҒАН**

Сен сонда ойлайсыңба?  
Бұл жігіт:  
Ешқашан мұнаймайды деп...  
Мұнайса тұра алмайды деп,

Ұйқысын, ұйқасын қиып,  
Өзгеге жыр арнайды деп?...

Сен сонда ойлайсыңба?  
Бұл жігіт:  
Ақтарды қаралайды деп...  
Жок кезде бағалайды деп,  
Жалғанның соңынан еріп,  
Шындыққа қарамайды деп...  
Дұшпанын секіртіп қойып,  
Достарын табалайды деп?...

Жо-жоқ мен дәл ондай тас емеспін  
Осы жолы сен қатты қателестің.  
Өтінемін...тануға тырысып бақ,  
Қарағым-ау, мен саған жат емеспін!

**МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!**

Бар сырымды ақтарып мен көрейін,  
Жастар жайлы, сән берген заманына.  
Айдынында шындықтың тербелейін,  
Көз жіберіп, әр игі қадамына...

Мен жастарға сенемін, жеңілмейтін,  
Жанарында үміт пен от жанады.  
Қайғы-мұңның ызғары сезілмейтін,  
Болашақ ел – жастардан басталады!

Мен жастарға сенемін, қарқынменен!  
Бейбітшілік әлемін тербететін.  
Есте сақтап, дәстүрді, салтымменен  
Елімізді өсіріп, өрлететін!

Мен жастарға сенемін, сене берем!  
Саркылмайтын сенім бұл жүректігі.  
Еңбектерің мен үшін терең өлен,  
Самға мәңгі, азат ел түлектері!

Жастарменен – әлемге аян атым,  
Жастарменен – шығамыз сан белеске.  
Әр таңында елім деп оянатын  
Жастарменен – еліміз мәңгі емесе?!

**БІР ҮЗІК СЫР**

Мен, Өткеннен қорқам,  
Қары бар көктемнен қорқам  
Биікке жеткеннен қорқам,  
Құзғындар құлататындай...

Мен, Өзімнен қорқам,  
Шегі жоқ төзімнен қорқам  
Жауапсыз сезімнен қорқам,

**МАХАББАТ ЖЫЛАТАТЫНДАЙ...**

Мен, Арманнан қорқам,  
Тау болған талғамнан қорқам  
Жете алмай қалғаннан қорқам,  
Сәтсіздік бұр ататындай...

Мен, Заманнан қорқам,  
Қазіргі адамнан қорқам.  
Өлшеусіз қадамнан қорқам  
Сырғытып, сұлататындай...

Мен, Жалғанда жүрмін,  
Мені ойла, Өмір, тандарда бір күн.  
Жетуің қиын заңғарға бұл күн...  
Тамшы боп нәрі тамғанда жырдың,  
Мен балқып кетсем, таңғалма, құрбым!

**ЖҮМБАҚ СЕЗІМ**

Махаббаттың пырағын байлап алып  
Бақыт табам қай кезде, қайда барып?!

Бұрынғыдай емеспін, өзгешемін,  
Саған ғашық екенім айдан анық...

Мына әлемнен шалғайға жырақ ұштым  
Жетегіне еріп бір бұла күштің.  
Қиындықтың ошағы білім емес,  
Махаббатта екенін ұға түстім.

Хор қызындай еліттің, тамсандырдың,  
Көрінсеңші көзіме, Ханшам, бір күн.  
Әншілерге кенеттен жыр жазғызып,  
Ақындарға әдемі ән салдырдың...

Бар ойымда өзіңсің, сен – арманым,  
Соқыр қылып, соншама неге арбадың?  
Өлеңімді оқ қылып боратсамда,  
Жүрегіммен алысып, жеңе алмадым...



**ПРОБА ПЕРА**

**КазНУ имени аль-Фараби за всю историю своей деятельности подготовил и выпустил тысячи выпускников, среди которых многие стали учителями в школах страны. Большое значение для будущей профессиональной педагогической карьеры имеет активная педагогическая практика студентов выпускных курсов.**



внеклассные мероприятия по воспитательной работе. В этом году общешкольное открытое мероприятие было посвящено 25-летию Вооруженных сил Республики Казахстан, в котором активно участвовали ученики 9-11 классов.

Особо хотелось бы отметить, что руководителем практики, учителем предметником от школы гимназии уже много лет является учитель истории Жанагуль Бекишева и одновременно магистрантом 2 курса факультета истории, археологии и этнологии, научным руководителем которой является д.и.н., профессор Г.М. Мендикулова. Для успешного прохождения практики администрацией школы созданы все условия.


Безусловно, не все студенты станут в будущем учителями. Но в ходе педагогической практики каждый студент получил свой первый бесценный опыт преподавания в школе. И самое главное, студенты на собственном опыте поняли, что такое труд учителя, и то, какой неоценимый вклад они могут внести в жизнь каждого ученика в школе, в которой будут работать по окончании университета.

Кунапинана протяжении многих лет является бессменным куратором всей педагогической практики студентов. В школе-гимназии № 51 практикой руководила к.и.н., доцент кафедры истории Казахстана Сауле Удербаетова.

В течение всей практики каждый старшекурсник провел по 14-15 увлекательных

уроков для школьников с 5 по 11 классы. Эти уроки были посвящены истории Казахстана, «Всемирной истории», предметам «Человек. Общество. Право», «Казахстанское право». Каждый студент-практикант совместно работая с классным руководителем проводили с детьми классные часы и общешкольные

**С.К.УДЕРБАЕВА,**  
доцент кафедры истории Казахстана;  
**Ж.М.БЕКИШЕВА,**  
магистрант 2-го курса



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
 Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Жазгерке ҚАРАТАЕВА**  
 Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
 Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
 Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды  
Тел: 2-93-09-09

**Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы 1000 дана  
Талсырыс: №213**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.